# SARYARQA

6 naýryz
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№9 (8173)


**QOǴAM**

**ӘКІМДЕР ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ОТСТАВКАҒА КЕТЕДІ?**

2-бет

**KELBET**

**ЖАСҚА – ҚАМҚОР, ЖАРЛЫҒА – ЖАНАШЫР**

3-бет

**RESMI**

**ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ және ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР**

4-бет

**TIRSHILIK**

**ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ**

7-бет




***Құрметті ханымдар!***
***Ардақты аналар, аяулы арулар!***

Сіздерді көктемнің алғашқы шуағымен келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!

Әйел – шексіз құдірет иесі. Тарих тағылымында ең айтулы өзгерістердің барлығы әйелдердің қолымен немесе әйелдер үшін жасалған. Ол – нәзік, әлсіз және сезімге жақын жаратылыс. Дегенмен, әйелге басқа ешбір тіршілік иесіне бұйырмаған аса құрметті де маңызды дүниеге ұрпақ әкелу мәртебесі берілген.

Қазақ елі қашан да көпбалалы отбасыларының берекелі мекені болып есептелген. Соңғы кездері мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ана мен балаға қамқорлық көрсету бағытында жаңашыл қадамдар жасалуда. Соның арқасында Жезқазған қаласында тек 2019 жылы 45 көпбалалы отбасы баспаналы болды. Балалар санына байланысты көпбалалы отбасына жәрдемақының дифференцияланған мөлшері заңмен белгіленді. Аталмыш игі істердің одан әрі жалғасын табатынына біз сенімдіміз.

Бүгінде қоғамдық мәселелерді шешуде белсенді, тіршіліктің барлық саласын игеріп, Қазақстанның ілгерілеп дамуына зор үлес қосып жатқан қазіргі әйел келбеті – ол «бір қолымен бесік тербеткен, екінші қолымен әлемді тербеткен» аяулы да сыршыл жан.

***Құрметті ханымдар! Ардақты аналар, аяулы арулар!***

Біз сіздермен мақтанамыз, әрдайым сіздерге басымызды иіп, тағзым етеміз! Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға ырыс-береке, баянды бақыт тілейміз! Мереке құтты болсын!

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖАРТЫСЫНАН АСТАМЫ – ӘЙЕЛДЕР

**Ал, мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдар иеленген қыз-келіншектердің үлесі 40%-ды құрайды.**

Гендерлік теңгерімді заңмен қамтамасыз ету үшін «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңда мемлекеттік органдардың басшылары ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіптік даярлығына сәйкес олардың мемлекеттік қызметке теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті екені белгіленген.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (МҚІА) Мемлекеттік қызмет департаменті директорының орынбасары Думан Әбілев Агенттікте өткен брифингтегі сөзінде мемлекеттік қызметте басқарушы лауазымдарда 9,5 мыңнан астам әйел қызмет ететіндігі туралы ақпарат берді. Бұл басшылардың жалпы санының 40%-ын құрайды.

Бұл ретте әйелдердің лауазымдар бойынша үлесі: министрлердің орынбасарлары – 14,3%, өңір әкімдерінің орынбасарлары – 7,1%; орталық мемлекеттік органдардың комитеттері төрағаларының орынбасарлары мен департаменттердің директорлары – 29,2%; орталық мемлекеттік органдардың аумақтың бөлімшелерінің басшылары – 12,8%; облыстық басқармалардың басшылары – 15,3%; қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары – 15,1% екені айтылады.

Агенттік конкурстық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жүйелі және жоспарлы жұмыс жүргізуде, бұл – өз кезегінде мемлекеттік қызметке түсуге тең мүмкіндік жасаудың маңызды шарты.

2019 жылы жүргізілген конкурстарға 52 144 адам қатысқан, бұл ретте мемлекеттік қызметке кіруге үміткерлердің 24 028-ы – әйелдер. Ал, конкурс нәтижесінде тағайындалған әйелдердің үлесі – 46,2% (22 520-дан 10 397).

Жалпы ел бойынша 50 мыңға жуық әйел мемлекеттік қызметті өз мүмкіндіктерін іске асыру саласы ретінде таңдаған. Бұл мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 55% құрайды және Италия, Бельгия немесе Испания сияқты ЭЫДҰ елдерінің ұқсас көрсеткішінен асып түседі.



ҚР МҚІА өкілінің айтуынша бірқатар орталық және жергілікті атқарушы органдарда еніп жатқан икемді жұмыс кестесі қыз-келіншектер үшін айтарлықтай қолайлылық туғызып, олардың мемлекеттік қызметте еңбек уақытынан тыс жұмыс істеу айтарлықтай қысқартқан.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру барысында гендерлік тақырыпқа назар аударылатын көрінеді. Мысалы, мемлекеттік органдардың кадрлар бөлімдерінің басшыларын оқыту жүйесіне халықаралық оң тәжірибе негізінде әзірленген жұмыс пен отбасын байланыстыру бойынша тақырыптық сабақтар еніп, «Мансап және отбасы: теңгерімді қалай сақтауға болады?» тақырыбында шетелдік сарапшылардың қатысуымен тұрақты түрде семинар өткізіледі.

**Жомарт ТАЙМАС**

***Құреметті, білім саласының қызметкерлері мен ардагер ұстаздар!***

Сіздерді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Осынау жарқын мереке күні өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, мейіріммен жарқын болашаққа жетелеген Сіздерге әйел бақытын тілей отырып, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын демекпін. Шәкірттеріңіз биіктерден көрініп, мерейлеріңізді үстем етсін.

*Құрметпен,* **Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымының төрағасы**
**Марат ҚОҢЫРБАЕВ**

## БАСПАСӨЗ – 2020!

**«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА**

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**

**Газетке 10 айға жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 3300 теңге;**
**Редакциядан келіп алу – 2500 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 5800 теңге;**
**Редакциядан келіп алу – 5000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***
***8 7102 71 00 55, 77 50 25***

# АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ



**Туған жерінен күштеп көшіріліп, қуғын көрген сан ұлтқа қазақ халқы өз туғандарындай қамқорлық көрсетіп, қиналғанға демеу бола білгені тарих беттерінен мәлім.**

ХХ ғасырдың басында Қазақстанға Беларусь, Ресей және Украинадан 1,1 миллион адам қоныс аударды.1930 жылдардағы ұжымдастыру кезінде де 250 мың шаруа жер аударылып, тағы 1,2 миллионға жуық адам өнеркәсіп нысандарын тұрғызу мақсатында Алтай мен Атырауға дейінгі қазақ жеріне қоныстанды. Олардың бәрі де Қазақстанның байырғы халқы, қазақтармен бірге орнығып, қиын кезеңдерді қазақ халқымен бірге еңсерді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2016 жылдан бері тойланып келе жатқан Алғыс айту күні еліміздегі барша ұлт пен ұлыс өкілдерінің қазақ халқына деген ыстық ықыласы мен ризашылығын айғақтайтын және тұтас татулығын көрсететін күн іспеттес.

Жалпыхалықтық алғыс айту күнін Жезқазған жұртшылығы да үлкен қуанышпен қарсы алды. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен мерекелік шараны қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова ашып берді.

– Бұл күнді Елбасы еліміздің бірлігіне және өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқына алғыс айту күні ретінде бекітті. Себебі Қазақстан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің басын қосқан ғажап мемлекет. Жалпыұлттық маңызға ие бұл күн қазақстандықтардың одан әрі топтасып, ауызбіршіліктерінің арттыратыны сөзсіз. Халқымызда «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Алғыс алған арымас» деген ұлағатты сөздер бар. Алғыс береке-бірлікті нығайтады, адамдардың өзара қадір-қасиеттерін арттырады. Игі тілек, ізгі көңіл, ақ батаның арқасында біз бағындырар белес қалмасы сөзсіз. Шуағы шашыраған көктемнің алғашқы күнінде бір-бірімізге мейірім төгіп, бойымыздан тек жақсылықтарды іздейік. Себебі жақсылық іздеген жақсылыққа жолығары анық, – деген ол барша жезқазғандықтар мен қала тұрғындарын айтулы мерекемен құттықтады.

Одан әрі Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Перизат Несіпбаева «Алғыс» әнін орындап, көрермендерге деген ыстық ықыласымен бөлісті. Депортация кезінде елімізге қоныс аударған өзге этностардың келу тарихы мен олардың сезімдерін шынайы түрде баяндаған театрландырылған көріністе көптің назарын аудартпай қоймады. Одан әрі «Алтын Орда» ансамблінің домбырашы жастары күйден шашу шашты. Күміс көмей әншілер Жанна Әбішова, Әзиз Жораев, Нұрия Нығматуллина, Думан Рахым және «Любисток» ансамбльдері әсем әндерін шалқытып, «Нұрсәулем-ай» би ансамблінің мың бұралған бишіліері көңілді кеш сыйлады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТТЕР ҮЛЕСТІРІЛДІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында әлеуметтік көмек көрсетудің жүйесін одан әрі дамыту қажеттігін тапсырғаны белгілі.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Осылайша 2020 жылдың сәуірінен АӘК төлеудің жаңа тәртібі енгізілді. Онда қаржылай көмекпен қатар аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік пакеттер үлестіру қарастырылған еді. Атап айтқанда, 6 жасқа дейінгі балаларға тамақ пен гигиена заттар, ал 6-18 жас аралығындағы балаларға мектептегі ыстық тамақ, мектеп жолақысы, мектеп формасы және оқу құрал-жабдықтары тегін беру жоспарланды. Бүгінде аталған көмектің 6 жасқа дейінгі балаларға арналғаны жезқазғандық отбасыларға таратыла бастады.

2020 жылдың қаңтарында атаулы әлеуметтік көмек алуға құжат тапсырған отбасылардың саны – 187 немесе 858 адам.Оның ішінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың саны – 244. Оларға көмек көрсету үшін барлығы 8961,7 мың теңге қаржы бөлінді. Мектеп жасына дейінгі балаларға қарастырылған кепілдендірілген пакеттің екі түрі бар. Алғашқысы 0-3 жас аралығындағы, ал екіншісі 3-6 жас аралығындағы балаларды қамтып отыр. Ай сайын берілетін азық-түлігі бар пакеттерде балалардың денсаулығына қажетті дәрумендермен байытылған тағам түрлері жинақталған. Гигиеаналық заттары бар пакеттер отбасына тоқсан сайын таратылмақ.

**Өз тілшіміз**

# БЕСІГІН ТЕРБЕТІП, КӘСІБІН ДӨҢГЕЛЕТКЕН



**Әттең, фото ана тұрған Бельгия шоколадынан жасалған раушанның аңқыған хош иісін жеткізе алмайды. Иә, сіз қате оқыған жоқсыз, раушанның әр жапырақшасы шоколадтан құйылып, қолдан түйілген (оның жарамдылық мерзімі 6 жылға дейін). Осынау шедеврді жасаған – Құралай МҰХАМЕДЖАНОВА. Ол кәсібін енді ғана бастағанына қарамастан жезқазғандықтарды қолөнерімен тәнті ете алды. Ең қызығы оның қолынан шыққан әр туынды жеуге жарамды.**

«Құралай, мемлекеттің жас кәсіпкерлерге көрсететін көмегі қомақты. Мен оған дәлелмін. Көріп отырсың, менің ісім алға басты. Қорқынышты кері ысыр да, алға талпын. Біз сені қолдауға әзірміз. Өзіміз көмектесеміз», – деп келінін қайраған Инара да елордасы Нұр-Сұлтанда өз ісін шеберлікпен дөңгелетіп әкете алды. Жеке кәсіптің қыры мен сырын әбден меңгеріп алған ол Құралайға Қарағанды облысы әкімінің грантына қатысуға ұсыныс білдіреді. Алғашқыда тартыншақтаған біздің кейіпкер тәуекелге бел буып, қайынапасымен бірге бизнес жоба жасайды. «Қандай кәсіп ашсам екен?» деп көп ойланбады да. Өзінің қолы үйреніп, көзі қаныққан істі кәсіпке айналдыруға кірісті. Облыс әкімінің назарына ұсынылған 260 үміткердің ішінен 20-сы ғана суырылып шығуы керек еді. Сол жиырма жүйріктің ішінде біздің Құралай да табылды. Жылдың соңында 3 миллион теңге көлеміндегі грантты қанжығасына байлаған ол бірден білек сыбана бизнес жобаны өміршең етуге асықты. Осылайша, қаңтардан бастап Абай көшесіндегі 81-үйдің бірінші қабатында орналасқан «Ғасыр» дүкенінің сөрелеріне қойылған тәттілер көп ұзамай талғамы жоғары тұтынушылардың көңілінен шықты. Қазір олардың бәрі – Құралайдың тұрақты сатып алушылары.

– Облыс әкімінің грантын табыстау салтанатына шақыру алғанда өзімнің жеңімпаз екенімді білмедім. Тіпті, ішімде титтей де үміт болмады. Бірақ, сонда да үйдегілер қатысып қайтуымды сұрады. «Көре-көре көсем боласың» демекші, жеңімпаз жоба иелерімен танысып, білмеген тұстарымды жетілдіремін деп ойладым. Сахнадан есімім аталғанда сенер, сенбесімді білмей, біраз тұрып қалдым. Берілген қайтарымсыз қаражатқа осы істі алып кетуге қажетті тоңазытқыштар, пеш пен дегидратор, шоколадтық фонтан, ас-үй заттары сынды құрал-жабдықтарды алдық. Фуршетке қажеттілерді сатып алуға 500 мың теңге жұмсадық, – деп шағын кәсібін аралата жүріп, таныстырған бизнес-ледидің негізгі мамандығы – құрылыс заттары мен конструкцияларды өндірудің технологі. Қаламыздағы №9 орта мектептің түлегі Жезқазған политехникалық колледжінде білім алған екен. Қолына дипломын алып, мамандық иесі атанған 2013 жылы өмірлік серігі Алмат Мұхамеджановпен шаңырақ көтереді. Бір қолымен бесікті тербете жүріп, келіндік міндетін де мінсіз атқаруға тырысады. Осы кезде жас келінді ширатып, өзінің бар білгенін үйретуді мақсат тұтқан екінші анасы Акима Дәулеткелдіқызының еңбегін атап кетпеске болмас.

– Менің бұл салаға келуімде анамның еңбегі зор. Ол кісі тәттілердің сан түрін пісіруді үйретті. Алғашқыда үйге келген қонақтарымызды қуантсақ, кейінірек ауқымды кеңейттік. Анамның қолынан өнер тамған. Жеміс-жидектерден кез-келген бейнені жасай алады. Одан бөлек Уфа мен Белградқа арнайы барып карвинг өнерін меңгеріп келді де бізді үйретті, – деген келін алғашқы кәсібін анасымен бірге үйлену тойларында фуршет қызметін ұсынудан бастаған.

Бүгінде өзінен басқа тағы бір адамды жұмыспен қамтып отырған жас кәсіпкер торттың 10 түрін, бәліштердің 5 түрін, шәй тәттілерінің оннан аса түрін пісіріп отыр. Одан бөлек денсаулыққа аса пайдалы жемістен жасалған чипсы мен пастилалар бар. Шоколад пен шығыс тәттілерінен жасалған гүлшоқтары тіпті бөлек әңгіме. Тәттілердің бағалары да «тәтті» екені қуантады.

Отбасы, ошақ қасы өз ісінді бастауға кедергі емес екеніндігіне өзінің де, өзгенің де көзін жеткізген Құралай Құрманғазықызы болашақта «Chocofruit» тұтынуға жарамды сыйлықтар шеберханасын кеңейтіп, жезқазғандық кондитерлерді тиімді бағадағы табиғи өнімдермен қамтамасыз етуді армандайды. Ясмина мен Әлинұр есімді балақайлардың тәрбиесімен қатар Жезқазған өңірінде бизнестің мүлдем жаңа түрін ашқан Құралай ханымның әр бастамасына оң нәтиже тіледік!

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЖАСҚА – ҚАМҚОР, ЖАРЛЫҒА – ЖАНАШЫР



**«Мұқтаж адамнан көмегіңді аяма, Құдай өзіңе бермесе де бала-шағаңа береді» деген атамның сөздерін өз өмірімнің негізгі ұстанымы еттім» дейді Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бухгалтерлік есеп, аз қамтамасыз етілгендерге әлеуметтік жәрдемақы тағайындау және төлеу секторының меңгерушісі Жұмагүл БАЛТАБАЕВА. Алдыңа көмек сұрап келіп тұрған жанға жай ғана амандасып, кімді іздедіңіз, қандай шаруамен келдіңіз дегеннің өзі үлкен қолдау екендігін айтқан ол қай кезде де адами құндылықтарды бәрінен биік қойды.**

Келесі жылы асқаралы алпысты алқымдағалы отырған Жұмагүл Төлеутайқызы – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының тумасы. Оқуды бітіре сала қазіргі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін экономист мамандығы бойынша тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Жезқазған қаласынан бастайды. Бұл «1984 жылдар еді» деген Жұмагүл ханым гүлдей құлпырған жастық шағын аса зор сағынышпен еске алды. Әлі де болса жайдары жүзінен әсемдік пен әдеміліктің табы кетпеген апамызға зулаған жылдар даналық пен даралықты қоса сый еткендей.

Дәрігер жолдасының қызметіне байланысты облыстың әр аймағында түрлі қызметтер атқарған ол іс қағаздар, құжатнама саласын жан-жақты меңгеріп шықты. Бүгінде әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бухгалтерлік есеп, аз қамтамасыз етілгендерге әлеуметтік жәрдемақы тағайындау және төлеу секторының меңгерушісі болып отырған Жұмагүл Төлейтайқызы бұл мекемеде 1997 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан ұжымға сыйлы, мол жауапкершілікті маман. Оны сұхбат барысында «Менің қарамағымда көбіне жас қыздар жұмыс істейді. Сол себепті кез келген маңызды шаруада олардың қастарынан табылуға тырысамын. Себебі, олар сәл қателесіп кетсе, бастары бәлеге ілініп кетуі мүмкін. Жастарды жамандыққа қимаймын», – деп, оларды «қызым» деп еркелете атаған сөздерінен де байқадық.

Жұмагүл Балтабаева 2006, 2013 жылдары Жезқазған қалалық мәслихатының, 2008, 2011, 2014 жылдары қала әкімінің, 2018 жылы Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен, 2014 жылы «Жезқазған қаласына 60 жыл» мерекелік меделімен марапатталды.

Бүгінде екі ұлын ұяға қондырып, олардан да екі қамшы ұстар сүйіп отырған аяулы ана, асыл жар, қадірлі әже Жұмагүл ханымды ағайын-туыс, көрші-қолаң, ұжымы ерекше құрмет тұтады. Жақсылық жасауға жанын салып жүретін Жұмагүл Балтабаева қай кезде де жылы жүрегі, жайдары мінезімен тек биік тұғырлардан табылары ақиқат.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ПОЙЫЗ КҮТКЕН ҚЫЗ

**Жол түсіп алыс сапарға аттансақ бірінші кезекте пойызға билет алып, межелі бағытқа тез жетуге асығамыз. Қиылысқан темір жол рельстері, оның бойымен жүйткіген пойыздар, ауыр сөмкесі мен чемоданын құшақтап ағылған жүргіншілер – міне, темір жол вокзалын біз осылайша елестетеміз. Ал, шындығында, осынау қарбалас тіршілікпен қатарласа сабылып, пойыз жұмысының дәлдігін тексеретін мамандарды көп ескере бермейміз. Үстіне «Қазақстан темір жолының» арнайы көк түсті формасын киіп, теміржол бекетіне бағыт алған жолаушылар пойыздары мен жүк тасушы пойыздарды күтіп алып, олардың құжаттарын тексеретін маманды білуіңіз бар ма? Осындай күрделі жұмысты жоғары деңгейде атқарып, жас та болса көпке үлгі болып жүрген нәзік жандылардың бірі – Жұлдызай МЕЙРАМ.**



1994 жылы Байқоңыр ауылында дүниеге келген ол 2011 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне жол-көлік қозғалысын ұйымдастыру мамандығы бойынша төрт жыл білім алып шығады. Өз мамандығы бойынша жұмыс істеуді басты мақсаты еткен ол осылайша мысты шаһар тіршілігіне араласып, Жезқазған теміржол бекетіне жұмысқа орналасты. Міне, содан бері осы жерде жол-көлік құжаттарын ұйымдастыру маманы болып қызмет етіп жүрген Жұлдызай жас та болса тәжірибелі мамандармен бәсекелесе алатындай шебер маман дәрежесіне көтеріліп қалды.

Бала күнінен теміржол саласы жұмысына қызыққан Жұлдызайдың таңдауын ата-анасы да бірден құптаған.

– Теміржол саласы қиын да күрделі жұмыстардың бірі. Бір күн күндіз жұмыс істесек, келесі күні түнгі ауысымға шығуға тура келеді. Біздің қала арқылы Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Қызылорда бағыттарына ғана пойыз жүреді ғой. Соған байланысты көп адамдар Жезқазған теміржолы түнде тыныш болады деп ойлайды. Шынтуайтына келгенде, теміржолда жұмыс түнде қыза түседі. Себебі, жүк тасымалдайтын пойыздардың барлығы дерлік түнгі ауысымда өтеді. Сондай кезде біз кез келген уақытта, ауа райының құбылмалылығына қарамастан пойыздардың құжаттарын тексереміз. Біздің мақұлдауымызсыз ешқандай пойыз қозғала алмайды. Басында қиын көрінетін. Кейін үйрендім. Қазір бұл мамандықты таңдағаныма шексіз қуаныштымын, – дейді ол.

Бүгінде теміржолдағы жұмысымен қатар Жезқазған политехникалық колледжінде жол көлік қозғалысын ұйымдастыру, жол көлік қозғалысы қауіпсіздігі сынды пәндерден сабақ беретін Жұлдызай, ұлағатты ұстаз мамандығын да қоса алып жүр. Жастығына қарамастан талмай еңбек етіп, пойыздар қозғалысын бақылаған Жұлдызайдың жетер жетістіктері әлі де алда.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЕҢБЕГІ ЕЛЕУЛІ

**Қазақстан Республикасының Гендерлік теңдік стратегиясы әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына тең қатысуына қол жеткізуге, экономикалық тәуелсіздікке, өз бизнесін дамытуға және қызметтік өсуге арналған тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, отбасындағы құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру мақсатында жағдай жасауға бағытталған.**

Елімізде ерекше назар аударылып отырған мемлекеттік гендерлік саясаттың тұжырымдамасы мен Қазақстан заңдарына сәйкес әйелдердің мемлекеттік қызметке тұруына ерлермен тең мүмкіндік қамтамасыз етілген. Әйелдер қауымы үшін зор мүмкіндік беретін осы заң негізінде қазіргі таңда прокуратура органдары мен мекемелерінің басшылары қызметтерінде көптеген әйел азаматшалары еңбек етеді. Мұның бәрін қай жерде болмасын үлкен өзгерістер әкеліп жатқан әйел теңдігінің жарқын көрінісі деуге болады.

Елбасының халыққа Жолдауындағы денсаулықты жақсартып, білім деңгейінің сапасын арттыру сияқты әлеуметтік қамқорлық шаралары әрбір отбасының мүддесіне игі ықпалын тигізетіні анық.

«Әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жай-күйі жақсармай – бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміздің еңсесі толық көтерілмейді», деген Елбасымыздың қанатты сөздері әрқайсымыздың жүрегіміз бен санамызға болашаққа деген сенім ұялатады.

«Әйелдер жүрген жерде әрдайым адалдық, объективтілік пен алға ұмтылу бар», – деп Елбасымыз айтқандай, қазіргі кезде де өзінің өнегелі ісімен лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, мемлекетіміздің өміріне белсене араласып, қай салада болмасын үлкен жетістіктерге жетіп, еліміздің атын әлемге әйгілеп жүрген апа-қарындастарымыз аз емес.

Егемендігіміз еңсесін көтерген шақта Қазақстан әйелдері отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар оң өзгерістердің белсенді іске асырушылары және жарқын жетістіктердің негізін қалаушылары болып табылуда.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған салиқалы сыртқы және ішкі саясатының арқасында Қазақстанда мамыражай бейбітшілік мен тыныштық орнады. Аналар үшін балаларының болашағына деген алаңдаушылық артта қалып, ертеңге деген сенімділік арта түсті. Бізде ешқашанда татулығымыз бен бірлігімізге қауіп төндіруге, азаматтық және этникалық жанжалдарға және діни түсініспеушілікке жол берілген жоқ. Мемлекеттің демократиялық негіздерінің ұдайы нығайып, әйелдердің тең құқығына, олардың өздерін танытуына және шығармашылық қабілеттерін артыруға жағдай жасалуда.

Әйелдер мен аналардың, балалардың құқығы мен мүддесін қорғау саласында едәуір жетістікке қол жеткізілді. Ел Президентінің жанында әйелдер мен отбасы-демографиялық саясаты жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді, гендерлік теңдік стратегиясы іске асуда. Осының арқасында әйелдер қауымының саясатта, экономикада, білім беруде, отбасында теңдікке қол жеткізіп, олардың денсаулығын қорғау және әйелдер мен балаларға қатысты күш көрсетудің алдын алу мәселелері іске асуда. Жылдан жылға жас және көпбалалы отбасыларын қолдау, аналар мен балаларды қорғауда мемлекет тарапынан көп іс тындырылуда.

Бүгінгі таңда еліміздегі Қазынашылық органдарында қызмет атқарушы әйел азаматтарының қоғамдық мәртебесі бұрынғыдан да көтеріліп келеді.

Соның ішінде, Жезқазған облысы кезінен және өңірімізде қазынашылық органы ең алғаш құрылған сәттен бастап экономика, қаржы саласында талай жылдар қажырлы еңбек етіп келе жатқан ардагер қазынашы қызметкерлеріміз, яғни, қазіргі Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары Роза Мәуленбергенқызы Шертаева және де осы салада қызмет етіп келе жатқан ардақты аруларымыз бас қазынашы-бас мамандар – Әмина Кәрібайқызы, Гүлнара Шираханқызы, Ардақ Өмірзаққызы, Гүлбану Серікқызы, Сандуғаш Мұсылманбекқызы, Ақмарал Тілегенқызы, Алия Шонқызы, басшының хатшысы Ақнұр Хизатқызы. Аталған қызметшілердің әрқайсысы өз саласына қатысты қажетті жұмыстарды зор жауапкершілікпен жүзеге асыруда. Бұдан біз қалалық қазынашылықта қыз-келіншектердің қосып жатқан үлкен үлесін көреміз.

Көктем айының шуақты күндері отбастарыңызға құт-береке, нәзік сезім, шуақты көңіл-күй, тәндеріңізге саулық, жандарыңызға рахат сыйласын.

**Ернар ЖОЛАЕВ,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы**

# ШАҢЫРАҚҚА ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН

## *абоненттік бөлімнің арулары*

**Шынын айту керек, кәсіптің оңайы жоқ. Дегенмен, солардың ішіндегі ең жауаптысы – халықпен тікелей жұмыс жасау. Жұмыстың мұндай түрін таңдағандарға асқан жауапкершілікпен қатар зор шыдамдылық та қажет. Біз қалалық сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорнына қарасты абоненттік бөлімге барып, олардың күнделікті жұмысымен танысқанда көзіміз әбден жетті.**

Отыз мыңға жуық жеке тұлға мен екі мыңнан аса заңды тұлғаға ай сайын коммуналдық қызмет түбіртектерін жеткізумен айналысатын бөлімде қазір барлығы 44 қызметкер еңбек етуде. Олардың дені – инспектор, бақылаушы, инженерлер. Бір қарағанда үй-үйді аралап, пошта жәшігіне түбіртек салудың не қиындығы бар дерсіз?! Қателесесіз...

– Біздің бөлім қызметкерлерінің жұмысы түбіртек таратумен ғана шектелмейді. Онымен қоса борышкерлермен жұмыс істеу, жылу немесе су құбыры желісіне рұқсатсыз қосылғандарды анықтау, құбырлардағы ақауларды тіркеу, жеке кәсіпкерлермен келісім-шарт жасасу сынды міндеттердің барлығы абонент бөлімінің мойнында. Сонымен қатар, тұрғын үйлерді аралап, онда тұратын отбасылардың құрамын тексереміз. Бүгінгі таңда үйінде тұратын адам санын жасыратын тұтынушылардың қатары көбейген, – деді әңгіме барысында машақаты көп болса да сүйікті ісіне адал Гүлзада Болманқызы.

Басшылық оның зейнет жасқа жет-кендігіне қарамастан, талапшылдығы мен қызметіне деген тиянақтылығын жоғары бағалап, өкшесін басқан әріптестеріне бас-көз болуды жүктеп отыр.

Қара шаңырақ Қарсақбайда туған Гүлзада Шілдебаева Қарағандыдағы политехникалық институтты инженер-құрылысшы маман-дығы бойынша тәмамдаған. 1982 жылы еңбекке араласты. Алғашқы жұмыс орны – құрылыс-жөндеу басқармасы. Еңбек жолы экономистен басталған Гүлзада апай кейінірек облыстық мәдениет басқармасында бас маман қызметін де атқарды. 1998 жылы су каналының абоненттік бөліміне инженер болып ауысады. Міне, содан бері оның жұмысқа барар жолы бір. «Сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорны» акционерлік қоғамы құрылған тұста жетекші инженер қызметінен абоненттік бөлім басшысының орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

– Абоненттік бөлімнің жұмысына жастар шыдай бермейді. Өйткені, тұрғындармен жұмыс жасаудың өзіндік қиыншылықтары бар. «Адамның аласы да, құласы да ішінде» демей ме? Алғыс алғаннан гөрі қарғыс алатын кездеріміз көп. Сондықтан, әріптестерімнің бәрі – орнықты, орта жастағылар. Күні бүгінге дейін олардың өзін-өзі ұстау мәдениеті мен жұмысына қатысты бірде-бір шағым айтылмады. Олар әр тұрғынның қас-қабағын бағып, өзіне жүктелген міндетті тиісті деңгейде орындауға тырысады, – деп жұмыстың барысын баяндаған Гүлзада Болманқызы Гүлзира Жұмақожаева жетекшілік ететін бақылаушылар Айгүл Таңқыбаеваны, Аманкүл Құсбекова мен Мадина Нұртайды, Әсем Дүйсенбаева мен Гүлім Құлтасованы атап кетуді сұрады. Есімдері аталған арулар қытымыр қыстың суығы мен шіліңгір шілденің ыстығына қарамастан өздеріне бекітілген мекенжайларға асығады. «15-16 миллион теңге қарыз 84 жеке кәсіпкерді есепке алмағанда, коммуналдық қызмет үшін қарызы миллионнан асқан 106 абонентіміз бар» деген Ольга Демидова бастаған инспекторлар Нұргүл Жұмабаева, Балдырған Салкебаева, Айзада Омарханова, Айнагүл Досанова заңды тұлғаларға қызмет көрсетеді. Оларға жеке тұрғын үй секторындағы қабаған иттер де, көңілсіз тұрғындар да, қабағы қатулы күзетшілер де өз міндетін орындауға кедергі емес. Қарызы қордаланып қалғандардың есігін қағып, ескерту жұмыстарын жүргізеді. Сондағы мақсаттары – шаңырақ астындағы бүтіндей бір отбасы жылусыз қалмаса дейді. Бір барған мекенжайға қажет жағдайда он баруға дайын қызметкерлер «әкетай, көкетай»-ға көнбегендерді үш ескертуден соң сот шешімімен судан, жылудан ағытуға мәжбүр. Күнделікті жұмысында орын алып



тұратын келіспеушіліктерді лезде ұмытатын олар бала тәрбиесін де тасада қалдырмайды.

Мерейлі 50 жасы халықаралық әйелдер күнімен тұспа-тұс келген инспектор Нұргүл Жәркенқызы қуанышына ортақтасып, құшағын гүлге толтырған абоненттік бөлімнің нәзік жанды қызметкерлері барша жезқазғандық аруларды мерекемен құттықтап, ана бақытын тілейді. Ал, біз өз кезегімізде әр баспанаға жылу сыйлап, тіршілік нәрімен қамтамасыз етіп отырған жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны қызметкерлерінің еселі еңбегіне алғыс білдіреміз.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ және ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР

# КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ және ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ 2020-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Осы Кеңгір селолық округі жайылымдарды басқару және оларды пайдаланужөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі – жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 «Жайлымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Кеңгір селолық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3)жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта (3-қосымша););

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4-қосымша););

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) кент, ауыл, ауылдық округте орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю мен жүріп-тұрудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте (7 қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды - және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, мәдени және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді, малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Кеңгір селолық округі аумағының жалпы көлемі 277 706,0 гектар, оның ішінде жайылым жерлері – 161 911,0 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 162 850,0 гектар;

елді мекендердің жері – 4 346,0 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер – 1270,0 гектар;

қордағы жерлер – 92 680,0 гектар.

Кеңгір селолық округінің табиғи жағдайы бойынша жартылай шөлейтті аймақта орналасқан және агроклиматтық көрсеткіштері бойынша күрт континенталды, қатал қыспен жалғасады, жазда орташа ыстық, қысы-жазы күрт қарама-қайшы температуралы, аз мөлшерде жауын шашынды.

Жерінің құрамы гүмусты және күрең каштанды, құрамы элемент құрамымен (азот, фосфор, калий), даму дәрежесі күн процесінен, терең қабаты тұзды химиялық заттардан, мөлшері мен тереңдігіне қарай карбонаттардан, гипстен, механикалық құрамы тасты және қаңқа дәрежелес.

2019 жылдың 1 қарашасына Кеңгір селолық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 1 879 бас, оның ішінде 2082,0 бас аналық мал, 5 086 бас ұсақ мал, 1 539 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Жайылым көлемі 161 911,0 гектарды құрайды.

Кеңгір селолық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 1499 бас, ұсақ қара 2 749 бас, 880 бас жылқы. ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 161 911,0 гектарды құрайды.

Кеңгір селолық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 161 911,0 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 4234,4 гектар жайылым бар.

Кеңгір селолық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Талап селосы) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 4 234 га көлемінде, жүктеме нормасы 13,5 га/бас болғанда қажеттілік 8 600 га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді сатып алу есебінен толықтыру қажет.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін – 482 бас. * 13,5 га/бас.= 6 507 га;

ұсақ мал үшін – 554 бас. * 2,7 га/бас.= 1 496 га;

жылқы үшін – 192 бас. * 16,2 га / гол.= 3 110 га.

6 507+1 496+3 110=11 113 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 11 113 га көлемінде Бураханов Абзелхан – 9400 га, Шаирбаев Жандос Нускабаевич – 1114 га, Шалмаганбетов Айткожа, Айтқожа Наурызбай Айтқожаұлы – 700 га, Темирбаева Гульнара Рапыковна – 400 га, Берденов Талгат Аргимбаевич – 6400 га, Бейсенбек Аспандияр Еділұлы – 3050 га, Сейталинов Сабыр Сайлаубекович – 1210 га.

*Кеңгір селолық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспарға 1 – қосымша*

### Кеңгір селолық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде құқық белгілейтін құжаттар негізінде

*Приложение1 к Плану по управлению пастбищами и их использованиюв Кенгирском сельском округе на 2020-2021 годы*

### Схема (карта) расположения пастбищ на территории Кенгирского сельского округа в разрезе категорий земель, собственников земельных участков и землепользователей на основании правоустанавливающих документов




# ПЛАНА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПАСТБИЩАМИ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ В КЕНГИРСКИМ СЕЛЬСКОМ ОКРУГЕ НА 2020-2021 ГОДЫ

Настоящий План по управлению пастбищами и их использованию в городе Жезказган на 2020-2021 годы (далее - План) разработан в соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 «Об утверждении Правил рационального использования пастбищ» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 14 апреля 2015 года № 3-3/332 «Об утверждении предельно допустимой нормы нагрузки на общую площадь пастбищ» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 11064).

План принимается в целях рационального использования пастбищ, устойчивого обеспечения потребности в кормах и предотвращения процессов деградации пастбищ.

План содержит:

1) схему (карту) расположения пастбищ на территории Кенгирского сельского округа в разрезе категорий земель, собственников земельных участков и землепользователей на основании правоустанавливающих документов (приложение 1);

2) приемлемые схемы пастбищеоборотов (Приложение 2);

3) карту с обозначением внешних и внутренних границ и площадей пастбищ, в том числе сезонных, объектов пастбищной инфраструктуры (приложение 3);

4) схему доступа пастбищепользователей к водоисточникам (озерам, рекам, прудам, копаням, оросительным или обводнительным каналам, трубчатым или шахтным колодцам), составленную согласно норме потребления воды (Приложение 4);

5) схему перераспределения пастбищ для размещения поголовья сельскохозяйственных животных физических и (или) юридических лиц, у которых отсутствуют пастбища, и перемещения его на предоставляемые пастбища (Приложение 5);

6) схему размещения поголовья сельско-хозяйственных животных на отгонных пастбищах физических и (или) юридических лиц, не обеспеченных пастбищами, расположенными при поселке, селе, сельском округе (Приложение 6);

7) календарный график по использованию пастбищ, устанавливающий сезонные маршруты выпаса и передвижения сельскохозяйственных животных (приложение 7).

План принят с учетом сведений о состоянии геоботанического обследования пастбищ, сведений о ветеринарно-санитарных объектах, данных о численности поголовья сельскохозяйственных животных с указанием их владельцев - пастбищепользователей, физических и (или) юридических лиц, данных о количестве гуртов, отар, табунов, сформированных по видам и половозрастным группам сельскохозяйственных животных, сведений о формировании поголовья сельскохозяйственных животных для выпаса на отгонных пастбищах, особенностей выпаса сельскохозяйственных животных на культурных и аридных пастбищах, сведений о сервитутах для прогона скота и иных данных, предоставленных государственными органами, физическими и (или) юридическими лицами.

По административно-территориальному делению в Кенгирском сельском округе имеются 3 сельских населенных пункта.

Общая площадь территории Кенгирского сельского округа 277 706,0 гектар, из них пастбищные земли –161 911,0 гектар.

По категориям земли подразделяются на:

земли сельскохозяйственного назначения –162 850,0 гектар;

земли населенных пунктов – 4 346,0 гектар;

земли промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны, национальной безопасности и иного несельскохозяйственного назначения – 1270,0 гектар;

земли запаса- 92 680,0 гектар.

Среднесуточная норма потребления воды на одно сельскохозяйственное животное определяется в соответствии с пунктом 9 Правил рационального использования пастбищ, утвержденных приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 15090).

Оросительных или обводнительных каналов на территории Талапского сельского округа не имеется.

**Талап селолық округі**

*4-қосымша басқару жөніндегі жоспарға жайылымдарды және оларды пайдалану Талап селолық округінде 2020-2021 жылдарға арналған*

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы**

Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен бекітілген жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларының 9-тармағына сәйкес айқындалады.

Талап селолық округінің аумағында суару немесе суландыру каналдары жоқ.

*Талап селолық округінде 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды және оларды пайдалану басқару жөніндегі жоспарға 6-қосымша*

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю мен қозғалудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте**

| № | Ауылдық округ атауы | 2020 жылғы қоршаулар саны | | | | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Дамса | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:
КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;
ЖМ – жазғы маусым;
ДҚ – демалушы қоршау
Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Талап ауылдық округінде 3 ауылдық елді мекен бар.

*Жоба*

**Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы А. ДОСАНОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

*Приложение 5 к Плану по управлению пастбищами и их использованию в Талапском сельском округе на 2020-2021 годы*

**Календарный график по использованию пастбищ, устанавливающий сезонные маршруты выпаса и передвижения сельскохозяйственных животных**

| № | Наименование сельских округов | Количество загонов в 2020 году | | | | Количество загонов в 2021 году | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Кенгирский | ВЛС | ЛС | ОЗ | ЛОС | ВЛС | ЛС | ЛОС | ОЗ |

Примечание: расшифровка аббревиатур:

ВЛС – весенне-летний сезон;
ЛОС – летне-осенний сезон;
ЛС – летний сезон;
ОЗ – отдыхающий загон.

*Проект*

**Об утверждении Плана по управлению пастбищами их использованию на землях Талапского сельского округа на 2020-2021 года**

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 20 февраля 2017 года «О пастбищах» Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить прилагаемый План по управлению пастбищами и их использованию на землях Талапского сельского округа на 2020-2021 года.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии А. ДОСАНОВ**
**Секретарь городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

# САРЫКЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ 2020-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Осы Сарыкеңгір селолық округі жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі – жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілеоді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 «Жайлымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Сарыкеңгір селолық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3)жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта (3-қосымша););

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4-қосымша););

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) кент, ауыл, ауылдық округте орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю мен жүріп-тұрудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте (7 қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды - және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді, мәдени және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді, малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Сарыкеңгір селолық округі аумағының жалпы көлемі 361 511,0 гектар, оның ішінде егістік – 17,0 га, жайылым жерлері – 356 056,0 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 365 056,0 гектар;

елді мекендердің жері – 16 052,0 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер - 160,0 гектар;

қордағы жерлер – 126 370,0 гектар.

Сарыкеңгір селолық округінің табиғи жағдайы бойынша жартылай шөлейтті аймақта орналасқан және агроклиматтық көрсеткіштері бойынша күрт континенталды, қатал қыспен жалғасады, жазда орташа ыстық, қысы-жазы күр қарама қайшы температуралы, аз мөлшерде жауын шашынды.

Жерінің құрамы гүмусты және күрең каштанды, құрамы элемент құрамымен (азот, фосфор, калий), даму дәрежесі күн процесінен, терең қабаты тұзды химиялық заттардан, мөлшері мен тереңдігіне қарай карбонаттардан, гипстен, механикалық құрамы тасты және қаңқа дәрежелес.

2019 жылдың 1 карашасына Сарыкеңгір селолық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара 2076 бас, оның ішінде 202 бас аналық мал, 5887 бас ұсақ мал, 2769 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Малшыбай ауылы: ірі қара 439 бас, оның ішінде 202 бас аналық мал, 908 бас ұсақ мал, 430 бас жылқы бар

Жайылымкөлемі 15 603,0 гектарды құрайды.

Сарыкеңгір селолық округінің ЖШС, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірікара 2076 бас, ұсақ қара 5887 бас, 2769 бас жылқы. ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы 215 693,0 гектарды құрайды.

Сарыкеңгір селолық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 356 056,0 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 15 603,0 гектар жайылым бар.

Сарыкеңгір селолық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Малшыбай ауылы) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 4 234 га көлемінде, жүктеме нормасы 22,5 га/бас болғанда қажеттілікe сәйкес. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді сатып алу есебінен толықтыру қажет.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-482 бас. * 13,5 га/бас.= 6 507 га;

ұсақ мал үшін-554 бас. * 2,7 га/бас.= 1 496 га;

жылқы үшін-192 бас. * 16,2 га / гол.= 3 110 га.

6 507+1 496+3 110=11 113 га.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 9 970,5 га көлемінде Тусупованың Б. – 1800 га, Есназарованың А.К. – 2300,0 га, Исатаевтың С.Б. – 2000,0 га, Абенованың Т.Б. – 1100,0 га, Сатыбалдинованың А.Ж. –1000,0 га, Аляκпаровтың Н.М – 4950,0 га, Байгаринованың Б.Б. – 3402,0 га жайылымдық жерлердің қалған қажеттілігін өтеу қажет.

*Приложение1*
*к Плану по управлению пастбищами и их использованию в Сарыкенгирском сельском округе на 2020-2021 годы*

**Схема (карта) расположения пастбищ на территории Сарыкенгирского сельского округа в разрезе категорий земель, собственников земельных участков и землепользователей на основании правоустанавливающих документов**

*Сарыкеңгір селолық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспарға 1 – қосымша*

**Сарыкеңгір селолық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде құқық белгілейтін құжаттар негізінде**




# ПЛАНА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПАСТБИЩАМИ И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ В САРЫКЕНГИРСКОМ СЕЛЬСКОМ ОКРУГЕ НА 2020-2021 ГОДЫ

Настоящий План по управлению пастбищами и их использованию в Шортандинском районе на 2020-2021 годы (далее - План) разработан в соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 «Об утверждении Правил рационального использования пастбищ» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 14 апреля 2015 года № 3-3/332 «Об утверждении предельно допустимой нормы нагрузки на общую площадь пастбищ» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 11064).

План принимается в целях рационального использования пастбищ, устойчивого обеспечения потребности в кормах и предотвращения процессов деградации пастбищ.

План содержит:

1) схему (карту) расположения пастбищ на территории Сарыкенгирского сельского округа в разрезе категорий земель, собственников земельных участков и землепользователей на основании правоустанавливающих документов (приложение 1);

2) приемлемые схемы пастбищеоборотов (Приложение 2);

3) карту с обозначением внешних и внутренних границ, и площадей пастбищ, в том числе сезонных, объектов пастбищной инфраструктуры (приложение 3);

4) схему доступа пастбищепользователей к водоисточникам (озерам, рекам, прудам, копаням, оросительным или обводнительным каналам, трубчатым или шахтным колодцам), составленную согласно норме потребления воды (Приложение 4);

5) схему перераспределения пастбищ для размещения поголовья сельскохозяйственных животных физических и (или) юридических лиц, у которых отсутствуют пастбища, и перемещения его на предоставляемые пастбища (Приложение 5);

6) схему размещения поголовья сельскохозяйственных животных на отгонных пастбищах физических и (или) юридических лиц, не обеспеченных пастбищами, расположенными при поселке, селе, сельском округе (Приложение 6);

7) календарный график по использованию пастбищ, устанавливающий сезонные маршруты выпаса и передвижения сельскохозяйственных животных (приложение 7).

План принят с учетом сведений о состоянии геоботанического обследования пастбищ, сведений о ветеринарно-санитарных объектах, данных о численности поголовья сельскохозяйственных животных с указанием их владельцев - пастбищепользователей, физических и (или) юридических лиц, данных о количестве гуртов, отар, табунов, сформированных по видам и половозрастным группам сельскохозяйственных животных, сведений о формировании поголовья сельскохозяйственных животных для выпаса на отгонных пастбищах, особенностей выпаса сельскохозяйственных животных на культурных и аридных пастбищах, сведений о сервитутах для прогона скота и иных данных, предоставленных государственными органами, физическими и (или) юридическими лицами.

По административно-территориальному делению в Сарыкенгирском сельском округе имеются 1 сельский населенный пункт.

Общая площадь территории Сарыкенгирского сельского округа 361 511,0 гектар, из них пашни – 17,0 га, пастбищные земли – 356 056,0 гектар.

По категориям земли подразделяются на:

земли сельскохозяйственного назначения – 356 825,0 гектар;

земли населенных пунктов –16 052,0 гектар;

земли промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны, национальной безопасности и иного несельскохозяйственного назначения – 160,0 гектар;

земли запаса – 126 370,0 гектар.

По природным условиям территория Сарыкенгирского сельского округа находится в пределах полупустынной зоны и по агроклиматическим показателям резко континентальным: суровой продолжительной зимой, коротким умеренно жарким летом, резкими контрастами температур зимы и лета, малым количеством годовых осадков.

Почвы в основном бурые и каштановые, содержанию гумуса, по содержанию элементов питания (азота, фосфора, калия), по степени развития солонцового процесса, по глубине залегания различных по химизму солей, по количеству и глубине залегания карбонатов, гипса, по механическому составу, степени скелетности и каменистости.

На 1 ноября 2019 года в Сарыкенгирском сельском округе насчитывается (личное подворье населения и поголовье ТОО, КХ) крупного рогатого скота 2076 голов, из них маточное поголовье 202 голов, мелкого рогатого скота 5887 голов, 2769 головы лошадей. Из них:

в селе Малшыбай:

крупного рогатого скота 439 головы, из них маточное поголовье 202 голов, мелкого рогатого скота 908 головы, 430 головы лошадей.

Площадь пастбищ составляет 15 603 гектар.

Поголовье в ТОО, крестьянских и фермерских хозяйствах Сарыкенгирского сельского округа составляет: крупного рогатого скота 2076 головы, мелкого рогатого скота 5887 головы, 2769 голов лошадей.

Площадь пастбищ ТОО, крестьянских и фермерских хозяйств составляет 215 693,0 гектар.

Для обеспечения сельскохозяйственных животных по Сарыкенгирскому сельскому округу имеются всего 356 056,0 гектар пастбищных угодий. В черте населенных пунктов числится 15 603,0 гектар пастбищ.

В Сарыкенгирском сельском округе сервитуты для прогона скота не установлены.

На основании вышеизложенного, согласно статьи 15 Закона Республики Казахстан «О пастбищах» для нужд местного населения (село Малшыбай) по содержанию маточного (дойного) поголовья сельскохозяйственных животных при имеющихся пастбищных угодьях населенных пунктов в размере 15 603,0 га, потребность составляет – в норме, при норме нагрузки 22,5 га/гол.

Имеется потребность пастбищных угодий по выпасу других сельскохозяйственных животных местного населения в размере 9 970,5 га, при норме нагрузки на голову КРС – 22,5 га/гол, МРС – 4,5 га/гол., лошадей – 27,0 га/гол.

Потребность:

для КРС - 439 гол. * 22,5 га/гол.= 9877,5 га;

для МРС - 908 гол. * 4,5 га/гол.= 4086 га;

для лошадей - 430 гол. * 27,0 га/гол.= 11610 га.

9877,5 + 4086 + 11610 = 25573,5 га.

Сложившуюся потребность пастбищных угодий в размере 9 970,5 населения на землях, принадлежащих Тусуповой Б. – 1800,0 га, Есназаровой А.К. – 2300,0 га, Исатаеву С.Б. – 2000,0 га, Абеновой Т.Б. – 1100,0 га, Сатыбалдиновой А.Ж. –1000,0 га, Аляκпарова Н.М – 4950,0 га, Байгаринова Б.Б. – 3402,0 га.

►► Жалғасы келесі нөмірде

**Құрметті Раушан Оңқонысқызы!**



*Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Сізді еңбекте беделді маман, абыройлы жетекші, білікті басшы ретінде үлгі тұтамыз. Деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлық, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз!*

***Музей ұжымы***

# ПОЭЗИЯ МАРАФОНЫ

***Абайға арналды***

**Қазақтың бас ақыны, ойшыл қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған шаралар легіне кітапхана қызметкерлері де өз үлесін қосты.**

Хакім Абайдың асыл мұрасын, өлмес қазынасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, оқырмандарды ұлы кемеңгер ақын Абайдың өмірбаянымен, әндерімен және қарасөздерімен таныстыру, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ойлау,есте сақтау, сезіну қабілеттерін дамыту мақсатында М.Әуезов кітапханасында «Әлем таныған ұлы Абай» аты поэзиялық марафон өтті.

Поэзиялық марафонға медицина колледжнің ұстаздары Жібек Карбозқызы, Қамажай Достанбекова, №11 мектеп кітапханашысы Райхан Қапарқызы, қала кітапханаларының меңгерушілері, «Жас толқын» поэзия клубы мүшелері, медицина колледжі мен саз колледжнің студенттері және №7 мектеп-лицейдің оқушылары қатысты.

Кездесудің шымылдығын түрген «Абай дана, Абай дара қазақта» атты бейнероликте Абай өмірінен сыр шертіліп, ақынның шығармалары насихатталды. Аружан Өзбекова мен Балнұр Садуова ұлы Абайдың қара сөздерін нақышына келтіріп орындаса, кітапхана оқырмандары Зарина Сәрсен, Қызғалдақ Серкебаева, Баймырза Аманғали Абай әндерінен шашу шашты.

«Жас толқын» поэзия клубының мүшелері Нұршат Құлмұратова, Бейбіт Сәбит, Зульфия Сейілхан Абайға арнаған арнауларын оқыды. Болашақ ақ халаттылар Абай әлеміне саяхат жасап, өлеңдер топтамасынан монолог оқыды.

Медицина колледжінің студенті Дана Мырзамсейтова «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін үш тілде жатқа айтып, көрермендер қошеметіне бөленді. Кітапханашы Айнекен Жәнібекова проект тақта арқылы ребус-викторина ойынын жүргізіп, көрермендерді бір серпілтті. Ойын барысында викторина жауаптарын мүдірмей тапқан медициналық колледжінің студенті Нұриза Амангелдіге ескерткіш сыйлық табысталды.



Шараның нүктесін кітапхана қызметкерлері ақын Абай туралы өлең жолдарын жатқа айтумен және «Көзімнің қарасы» әнін шырқаумен қойды. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінен келген бөлім меңгерушісі Әсел Бірәліқызы Абай хақында сөз қозғап, шара қатысушыларын Алғыс хатпен марапаттады.

Абайдың мың қырлы, мың тәлімін ашуды мақсат тұтқан кітапхана ұжымы ақынның рухани байлығын жас ұрпақ бойына сіңіре алды.

**Ақбаян ЖҮНІС,**
**М.Әуезов кітапханасының кітапханашысы**

АРХИВ

# «ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚҰТ МҰРАСЫ»

***тақырыбында дөңгелек үстел өтті***



**Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің ұжымы 2018-2019 жылдар аралығында жаңадан қосылған жеке тектік қор иелерінің қатысуымен «Жақсының жақұт мұрасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.**

Мемлекеттік архивте Жезқазған және Сәтбаев қалаларының Құрметті азаматтарының, Ұлы Отан соғысы ардагерлері және тыл ардагерлерінің, дәрігерлер мен мұғалімдердің, жазушылар мен журналистердің, өлкетанушылардың, ғалымдардың, ақындардың т.б. тұлғалардың 145 жеке тектік қор құжаттары сақтаулы.

Дөңгелек үстелге жаңадан қосылған жеке тектік қор иелері инженер-металлург, «Құрмет белгісі» орденінің, «Еңбек ардагері» медалінің иегері Мырқы Ақпанбетов, металлург, «КСРО-ның Құрметті металлургі» төс белгісінің, «Еңбек ардагері» медалінің иегері, дербес зейнеткер Таңғанбай Салхауов, инженер-құрылысшы, «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» белгісінің иегері, құрылыс саласының ардагері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Аманкелді Замекбаев, ақын, Ілияс Жансүгіров атындағы қордың мүшесі, Ілияс Жансүгіров атындағы байқаудың жүлдегері Үміткүл Траисова, инженер-металлург, «Еңбек Даңқы» төсбелгісінің толық иегері, техника ғылымының кандидаты, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Әлем азаматы төлқұжатының иесі, Ресей Саяхатшылар Ассоциациясы директорлар кеңесінің мүшесі, Мажарстан Қыпшақтар Одағы Президиумының Құрметті мүшесі, «Отырар-Ұлытау» Кіші Жібек жолымен, «Алтай-Дунай» халықаралық археоэтнологиялық экспедицияларының жетекшісі, «Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің, «Құрмет» орденінің иегері Бақтияр Қожахметов, ақын, Бүкіләлемдік Шыңғысхан атындағы академияның құрметті академигі, өлкетанушы Бағдат Байжантаев қатысты. Архивке атбасын тіреген қонақтар алдымен қоймадағы құжаттардың жай-күйімен таныстырылып, экскурсия жүргізілді.

Аталмыш шара Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінің басшысы Дәметкен Орынбасарованың кіріспе сөзімен ашылып, жеке тектік қор иелерінің құжаттары негізінде дайындалған бейнероликпен жалғасты. Және қор иелеріне арнайы сертификаттар салтанатты түрде табыс етілді.

Архивтегі атқарылып жатқан игі істерге разы болысқан қатысушылар өз ойларын ортаға салып, тың идеялармен бөлісіп, мағыналы әңгіме өрбітті. Сондай-ақ, шара барысында архив қорынан алынған Рақыш Ідірісова, Ахат Құрмансейітов, Бақтияр Қожахметовтың дайындаған 1991 жылы «Отырар-Ұлытау» Кіші Жібек жолы этнографиялық экспедициясын Ұлытау жерінде қарсы алу сәті түсірілген «Абыз дала, аңыз дала» фильмі көрсетілді.

**Жаңагүл ОСПАНОВА,**
**Әдебиет, өнер жеке қорлар, ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы**

# АҚ ХАЛАТТЫЛАР АТСАЛЫСТЫ




Аппақ халат киіп алып, адам тәніне шипа іздейтін дәрігер мамандарды даярлап жатқан Жезқазған жоғарғы медициналық колледжінің кіреберісінен бастап тек қана дәрі-дәрмек иісін емес, сонымен қатар, жауапкершілік пен ұқыптылықтың, білімділік пен біліктіліктің лебін байқайсың. Қала колледждері арасында «Жоғарғы колледж» дәрежесіне ие бірден-бір білім ошағы саналатын, болашақ ақ халатты абзал жандарды даярлап жатқан аталмыш оқу орны да хәкім Абайдың 175 жылдық мерейтойына тыңғылықты дайындалғандығын көрсете білді. Оның дәлелі – «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлы» деп аталатын апталықтың ұйымдастырылуы.

Колледждің бас оқу корпусында ашылған апталықты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Гүлзейнеп Кенішбаева ашып берді. Барша студенттер мен оқытушыларды ақын мұрасымен таныстырған ұстаз сөзін Ұлжан Уызбаева, Қарақат Есенхан, Дәмелі Әбжанова, Аида Кенішова, Дана Мырзамсейітова есімді ақынжанды шәкірттері де қостай түсіп, Абай Құнанбайұлы туралы өз жүректерінен жарып шыққан туындыларын ортаға салып, көптің қошеметіне бөленді.

– Біздің колледжімізде 600-ден астам студент білім алуда. Бұл жерде олар мейіргер ісі, емдеу ісі, стоматология, лабораториялық диагностика мамандықтарын меңгеріп шығады. Абай шығармашылығын бір апта ішінде танысып тауыса алмасымыз хақ. Дегенмен де, қазіргідей жастар ғаламтор желісіндегі түрлі қажетсіз ақпарат көздеріне шырмалып, көп уақыттарын телефонның құлағында өткізетін кезеңде осындай рухани-танымдық шаралардың оң жағынан тигізер әсері мол екендігі сөзсіз. Апталық барысында Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа оқудан жарыс, кітапханамызда қара сөздерін мәнерлеп оқу сағаты, ақынға арналған көрме жұмысын бастайтын болады. Сондай-ақ, апталықтың соңғы күні студенттерге «Құнанбай» фильмі көрсетіледі, – деді ол газетімізге берген сұхбатында.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ӨНЕГЕСІ ӨР ЕТКЕН

**Бүгінде 700-ден астам жас білім алып жатқан Жезқазған политехникалық колледжі де өлең-жырлары терең философиялық ой мен парасатты пайымға толы қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты концерттік бағдарламамен жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.**

Ұлы ақынның шығармашылығын кеңінен дәріптеуде колледж студенттерінің де жетістіктері аз емес. 2017-2018 оқу жылында Теміртау қаласында өткен облыстық Абай оқуларында ВТ-31 тобының студенті Диас Әбдіғазиев Бас жүлдені жеңіп алса, 2018-2019 оқу жылында ЧС-21 тобының студенті Зүлфия Ахметова ІІ орынды иеленді. Қалалық өзге ұлт өкілдері арасындағы Абайдың қарасөздерін жатқа айту байқауының екі дүркін жеңімпазы Александр Верхотуровта осынау білім ордасындағы С-41 тобының студенті. Өлең-сөзде ешкімге дес бермеген Абай Құнанбайұлының жолын жалғаушы колледж жастары – «Қаламгер» үйірмесінің белді мүшелері. Қаламгерліктердің бастамасымен ұйымдастырылған мерекелік кешке қалалық мәслихат депутаты, Жезқазған көлік және бизнес колледжінің директоры Светлана Жумкина, «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден және мектеп директорлары қатысты.

Шара барысында студенттер Абай өлеңдерін жатқа оқып, «Ескендір» дастанынан үзінді қойды. Колледж мұғалімдері де сырнайдың сүйемелдеуінде хормен асқақ ақынның «Желсіз түнде жарық ай» әнін өз мәнерінде шырқай білді.

– Осынау сүйікті оқу ордасындағы қай білім алушы болсын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын зор қуанышпен, биік мақтанышпен қарсы алды. Олардың барлығы дерлік Абай атамыздың тағылымы мен өсиеттерін өз бойларына сіңіріп өсіп келе жатқан өнерпаз жастар. Біз, әсіресе, колледж жанынан құрылған «Қаламгер» үйірмесінің белсенді мүшелерімен бек мақтанамыз. Үйірмеде түгел дерлік сегіз қырлы, бір сырлы студенттер жиналған. Олардың жеткен жетістіктері де аз емес. Колледжіміздің атын шығарып жүрген үйірме жетекшісі Клара Жұмабаеваға ұжымның да айтар алғысы зор, – деген Жезқазған политехникалық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Сандықбаева атаулы мәндегі іс-шаралар легі алдағы уақытта да толастамайтынын жеткізді.




**Ай СҮГІР**

# БОЗ КІЛЕМДЕГІ БЕЛДЕСУ




**Жылдағы дәстүр бойынша Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Қабден Шыңғысовты еске алуға арналған қазақ күресінен халықаралық турнир биыл да жалауын көтерді.**

Төртінші мәрте ұйымдастырылған турнир 2003-2004 жылдар аралығында туған жасөспірімдер арасында өтті. Республикамыздың Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Түркістан, сондай-ақ, Шымкент, Теміртау, Жезқазған қалаларының боз кілем шеберлері бақ сынаған сайысқа көршілес Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерінен де жас балуандар қатысты.

– Турнирдің Қабден Шыңғысов атында ұйымдастырылуының да мәні ерекше. Себебі саналы ғұмырын ағартушылық қызметке арнаған ол жас ұрпақты тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп, Жезқазған қаласының дамуына үлкен үлес қосқан ұлы ұстаз. Құрметті спортсүйер қауым, болашақта еліміздің көк байрағын желбіретіп, әнұранын асқақтату бүгінгі сайысқа келіп тұрған жастардың қолында, – деген қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов спортшыларға сәттілік тіледі.

Шараға ұлағатты ұстаздың ұлдары Бауыржан Шыңғысов пен Мұрат Шыңғысов және жақын туыстары да куә болды.

– Тірі болса әкеміз биыл 90 жасқа келер еді. Осындай республикалық маңызға ие шараның әкеміздің атымен аталғандығы көңілімізді қуаныш сезімін ұялатады. Мен барша отбасы мүшелерінің атынан балуандар бәсекесін ұйымдастырушы барлық жанашыр жандарға алғысымды білдіремін, – деді Мұрат Шыңғысов.

Екі күнге созылған боз кілем бәсекесіне 260-тан астам жас спортшы қатысып, салмақ дәрежелеріне сай жеңімпаздар анықталды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «ҰЛЫ ЕРЛІК БАСПАЛДАҒЫ»

***атты көрме жалғасын тапты***




**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің жобасы саналатын «Ұлы ерлік баспалдағы» деп аталған көрме биыл да жалғасын тапты. Бұл жолы оның кейіпкері – әр жылдары Қарсақбай зауытының бас инженері, автооқыту комбинатының оқытушысы болып еңбек еткен, ауылшаруашылық саласының майталманы, «Еңбек ардагері» медалінің, бірнеше Құрмет грамотасы, Алғыс хаттардың иегері Советқали Ақмолдаұлы Шаймағанбетов.**

Ұлытау-Жезқазған өңірінің дамуына және оның қалыптасуына қажырлы еңбегімен үлес қосқан ерлерді еске ала отырып, олардың өнегелі өмірін жастарға насихаттап, үлгі етуді мақсат тұтқан көрменің ашылуына зиялы қауым өкілдерімен қатар Советқали Ақмолдаұлының ұрпақтары ағылды. Оларды еңбек ардагерінің зайыбы Күлпан Нұрмағанбетқызы бастап келді.

Еліміздің көк байрағын төрге шығарып, Әнұранды орындаған соң еліне қалтқысыз қызмет еткен тұлғаға құрмет ретінде бір минут үнсіздік жарияланды. Көрермен назарына ұсынылған көрме иесінің жүріп өткен өмір жолынан сыр шерткен бейнеслайдтан кейін көрменің салтанатты ашылуы өтті. Онда құттықтау сөз алған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Зинаида Чумакова Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келген көрменің мән-мағынасына тоқталып, бүгінгі ұрпақ тарихты, оның тұлғаларын тануы керек деген пікірін жеткізсе, Күлпан Нұрмағанбетқызы мен еңбек ардагерінің замандастары, бауырлары мен ұрпақтары өткеннен естелік айтып, Советқали атайдың бет-бейнесін, мінезін, адамгершілік қасиеттерін паш етті.

Байқоңыр селосында 1943 жылы туған Советқали Ақмолдаұлының әкесі Ақмолда Шаймағанбетұлы – теміржол станциясында шебер қызметінде болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында бронмен қалдырылып, соғысқа көмір жөнелткен екен. Байқоңыр селосындағы орта мектепті 1961 жылы аяқтаған ол Отан алдындағы борышын өтеп келген соң еңбекке араласады. Еңбек ете жүріп білім алып, мамандық иесі атануды да ұмытпады. Қарағандының политехникалық институтын автотранспорт мамандығы бойынша тәмамдаған соң Қарсақбай кентіне бас инженер болып тағайындалды. Өзіне жүктелген қай қызметті болмасын үлкен жауапкершілікпен атқара жүріп, абырой биігіне көтеріле білген азаматтың даңқты жолы ұрпағына мұра.

Жобаны ұйымдастыру барысында музей қызметкерлері көрме кейіпкерінің өмірі мен еңбегі туралы отбасылық мұрағаттан, музей қорынан, бірге қызмет атқарған әріптестерінен материалдар жинақтап, еңбектенгені көрініп-ақ тұрды. Стендтерге орналастырылған экспозициялық материалдардан көрермен қауым Советқали Ақмолдаұлының саналы ғұмырын көз алдына елестету мүмкіндігіне ие болды.

«Туған ел», «Әкелер туралы ой» атты ән шашуын ала келген ҚР еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин көрмені ажарландыра түссе, музей директоры Раушан Қапарова Советқали ағаның отбасына көрменің өткендігін растайтын сертификат және арнайы дайындалған лентаны табыстап, кездесуді қорытындылады.

**Бота ШАЛҚАР**

# ӨТІНІШТЕР ТЫҢДАЛДЫ

**Мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіп, оларға әлеуметтік қолдау білдіру мақсатында «Nur Otan» партиясы жүзеге асырған «Кедергісіз келешек» жобасы біздің аймақта да сәтті жүзеге асуда.**

Жоба аясында «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында өткен «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды бірыңғай тақырыптық қабылдау» республикалық акциясы өтті.

Қамкөңіл жүректі жандарға мемлекеттік органдардың назарын аударып, оларды әлеуметтік қамсыздандыру және консультациялық көмек көрсетуге арналған шараға Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкері Мұрат Райымбеков, қалалық жұмыспен қамту орталығының бастығы Абай Әзімбаев, кәсіпкерлер палатасы филиалының менеджер-кеңесшісі Шолпан Талап және «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова қатысып, тұрғындарды мазалаған сұрақтарға жауап берді.

Шараға келген тұрғын – ІІІ топ мүгедегі. Денсаулығына байланысты еш жерден жұмыс таба алмай жүрген оған Қазақстан Республикасы Конституциясына сай түсіндіру жүргізілді. Акция аясында тұрғынның жұмыссыздық мәселесі оң шешімін тауып, қалалық қорғаныс басқармасына жұмысқа орналастырылатын болды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

